

Атырау облысы Денсаулық сақтау  
басқармасының "Атырау  
облыстық патолого-анатомиялық  
бюросы" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорны



Коммунальное государственное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения "Атырауское областное  
патолого-анатомическое бюро"  
Управления здравоохранения  
Атырауской области"

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

**11 тамыз 2023 жыл**  
Атырау қаласы

**№55-ө**  
Город Атырау

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдауды жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарауының 4-тармағы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу үшін төмендегі құрамдағы жұмысшы тобы құрылсын.
  - 1) А.Г.Нугманова – бөлім меңгерушісі, комиссия төрағасы;
  - 2) А.Хасанова – кадр маманы, комиссия мүше;
  - 3) Б.И.Мурсалимова – заңгер, комиссия мүшесі;
  - 4) Д.Ж.Юсубалиева - кәсіподақ комитетінің төрайымы у.м.а., комиссия мүшесі;
  - 5) А.Д.Мурзагалиева – Бас лаборант, комиссия мүшесі;
2. Қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы- Кәсіпорын бухгалтериясы.  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:
  - 1) Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
  - 2) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі: 18.08.- 28.08.2023 жыл. Ішкі талдау бойынша анықтама қалыптастырылсын.
4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар ішкі талдау анықтамасы кәсіпорынның бірінші басшысына қарау және шаралар қолдану үшін 2023 жылдың 31 тамызына дейін ұсынылсын.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасы Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасына жолданып отырылсын.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.
7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық және жауаптылық заңгер Б.И.Мурсалимоваға жүктелсін.

Директор



А. Неткалиева

Бұйрықпен таныстырылды.

Таныстырылды: